

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

комплекса), а также предложена авторская трактовка термина «энергетическая безопасность».

Во-вторых, при государственном управлении энергетической безопасностью более четко определяются цели, оптимизируются энергетические ресурсы, выявляются объекты и сферы порождающие внутренние и внешние угрозы, детально контролируется процесс реализации энергетической политики.

В-третьих, при факторном анализе оценки уровня энергетической безопасности выявляются различные факторы (экономические, социально-политические, внешнеполитические и внешнеэкономические, техногенные и природные, управленческо-правовые), с помощью которых идентифицируются возможные риски и последствия для энергетической безопасности страны.

Список использованных источников

1. Бушуев В.В. Энергетика как основа экономической безопасности Казахстана Энергетик. – 1996. – №5. – С. 8-10.
2. Громов А.И. Энергетическая основа глобальной системы «природа-общество-человек» // Энергетическая политика. – 2018. – Вып. 3. – С. 23-31.
3. Куричев Н.К. Модель энергетического развития Казахстана // Проблемный анализ и государственно-управленческое проектирование. – 2011. – №3. – С. 130-137.

ӘӨЖ (33. 336.713)

ҚАЗАҚСТАНДА НЕОБАНКИНГТІ ДАМУ ТУРАЛЫ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Құрашев Нұркен Оразханұлы, Нурпеисова Айнура Алибиевна

nurp04@mail.ru

студент Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Хамитхан Н.

Заманауи әлемдегі қарқынды өзгерістер бизнесті үнемі дамуға және жаңа, күрделірек жағдайларға бейімделуге итермелейді. Бүгінгі таңда, экономиканың барлық салалары, оның ішінде банк қызметі бүкіл процестерді цифрландыру үдерістерін кешуде. FinTech дамуымен дәстүрлі банктер шығындарын азайтып, қызметін жетілдіру мүмкіндігіне ие болды. Әлемде қаржылық технологиялардың дамуы физикалық кеңсесі жоқ, қызметті толықтай онлайн нысанда көрсететін жаңа банктердің пайда болуына әкелді. Бұндай банктер «необанктер» деп аталды. Мақаланың мақсаты необанк ұғымын түсіну, Қазақстанда даму мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Необанк (грек тілінен «жаңа банк») кез келген смартфоннан және дербес компьютерден онлайн нысанда қызметтерді ұсынатын, нақты филиалдары жоқ модернизацияланған банк. Көбіне «виртуалды банк» деп аталады. «Жаңа» банктің интернет парақшасы оның қызметі туралы ақпарат алуға және қызметін алуға арналған жалғыз бөлімшесі болып табылады [1].

2007-2008 жж. дағдарыс нәтижесінде еуропалық банктер қаржылық делдалдар тәуекелдерін бағалау тәсілдерін қайта қарастырды, сонымен қатар капитал жеткіліктілігі нормативын заңды түрде ұлғайтуды талап етті. Банк нарығының бір бөлігі клиенттерге қызмет көрсетудің жаңа бизнес-моделін ұсынатын необанктерге көшті [2].

Необанктердің даму тарихын өз бастауын Батыстан алады. 2013 ж. Hello Bank құрылды, ал 2016 ж. жазында Англия банкі Atom Bank мобильді банкке қызметін жүзеге асыруға лицензия берді. Необанктерді құру идеясы клиенттердің қажеттіліктердің қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру және дәстүрлі банктермен жұмыс істеу кезінде туындайтын проблемаларды болдырмауға негізделеді [2, 3-бет]. Необанкты цифрлық платформа арқылы қызметін жүзеге асыратын модернизацияланған банк ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар «необанк» термині өз қызметін кеңсесіз бастайтын банктерді сипаттау үшін қолданылады. Необанктер мен digital, онлайн банктерді салыстырсақ, необанктер жеке ұйым

болып табылса, ал онлайн банктер дәстүрлі банктердің Интернет арқылы қызмет көрсету нысаны ретінде жұмыс жасайды. Қазіргі таңда необанктер нарығының көшбасшысы Ұлыбритания болып табылады. Ұлыбританияда 40 шақты жаңа банктік стартаптар бар, оның ішінде Atom, Bank to Future, Monzo, Metro, т.б. [2, 3-бет]. McKinsey&Company халықаралық консалтингтік компанияның болжамдарына сәйкес, 2036 ж. қарай экономикалық процестердің 50% автоматтандыру мен цифрландыруға ұшырайды. Банк саласында автоматтандырудың басты салдары жұмыс орындарының қысқаруы болады. Citigroup корпорациясының мәліметтеріне сәйкес, 2030 ж. қарай қысқару 30%-ға жетеді, бұл банктердің қаржылық шығындарды азайтуға ұмтылыстарын түсіндіреді [3]. Орыс экономисті И.А.Двоеглазованың зерттеуі бойынша, необанктер «болашақтың банктері» болып табылады және 10-15 жылдан кейін бөлімшелері мен қызметкерлердің үлкен штаты бар дәстүрлі банктерді ығыстырады. Банктердің толықтай онлайн форматқа ауысудың басты кедергісі жас факторы болып табылады. Y және Z буындары технологиялық жаңалықтарға тез бейімделсе, неғұрлым егде жастағы халық дәстүрлі банк бөлімшелерінен қызмет алуды жөн көреді [3, 135-бет]. Forrester Research мәліметтеріне сәйкес, әлем тұтынушыларының үштен бір бөлігіне миллениалдарға (1980-2000 жж. аралығында дүниеге келгендер) сәйкес келеді [4]. Необанктер екі нысанда қызметін жүзеге асырады: бір несие ұйымының лицензиясы негізінде немесе өзінің лицензиясы негізінде. Бірінші жағдайда цифрлық банктер жаңа клиенттік базаны тарту мақсатында жеке өнім ретінде дәстүрлі банктер арқылы құрыла алады немесе өз қызметін ұсыну арқылы болашақта дәстүрлі банктермен серіктесу үшін өз бетінше құрылады. Бұндай модель лицензияны алу қымбат, ұзақ және бюрократиялық жағынан қиын болып табылатын ТМД елдеріне тән. Екінші жағдайда банктерді екі категорияға жіктеуге болады:

1. «Банк-челленджер» деп аталатын банк лицензиясы бар необанктер;
2. Электронды ақшаны немесе төлем құралын эмиссиялауға жеңілдетілген лицензиясы бар необанктер.

Қазақстанда банк ісінің жедел цифрлану үдерісі байқалады. 2020 ж. орын алған пандемия бұл процесті жеделдетті. Алматыда барлық банк қызметтеріне үйден шықпай жүгінуге болатын Қазақстандағы алғашқы цифрлық банк – Алтын банктің презентациясы өтті. Компания толықтай цифрлық нысанда жұмыс жасайтын Altyn-I банкін құрды.

Altyn-i-Жеке тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі толыққанды цифрлық банк, “Altyn Bank” АҚ құрған бренд. Негізгі артықшылықтар – бұл қызметтердің 24/7 режимінде қол жетімділігі, икемді шарттар және инновациялық цифрлық мүмкіндіктер. Филиалға бармай-ақ банктің онлайн клиенті болуға болады [5]. Altyn-i банкінің танымал өнімдері мен қызметтері:

- цифрлық карта – физикалық картаның орнына клиенттерге цифрлық картаны ұсынады;
- балалар картасы – таңдау үшін арнайы дизайны бар және cashback жоғарылатылған балаларға арналған онлайн карта шығарылымы. Cashback 20%-ға дейін;
- онлайн-несие – 5 минут ішінде 9 млн теңгеге дейін несие алу мүмкіндігі;
- цифрлық ипотека – Банк серіктестерінде дайын және салынып жатқан жылжымайтын мүлікке 3 минуттан бастап қарау және мақұлдау арқылы үйден шықпай-ақ онлайн ипотека рәсімдеу.

Сонымен қатар, 2021 ж. Beeline Simply атымен Қазақстандағы алғашқы необанкты шығарады. Жаңа өнім цифрлық қаржылық қызмет – клиенттің телефон нөмірімен, электронды әмиянмен және премиум цифрлық Visa Platinum картасымен байланысты мобильді қосымша болып табылады. Қосылу, жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету, әмиян ашу тегін, ал қаражат барлық Simply пайдаланушылары үшін пайызсыз есептеледі. Simply клиенттеріне 30 000 теңгеге дейін Cashback, ҚР кез келген банк картасына пайызсыз аударымдар, офлайн қолдану мүмкіндігін ұсынады. 2022 ж. Kcell өзінің необанкін – OGO finance мобильді қосымшасын ұсынды. Жаңа жүйе Jusan Bank пен Mastercard халықаралық төлем жүйесінің серіктестігімен іске қосылды. Жаңа необанк арқылы тұтынушылар IBAN нысанында, сондай-ақ депозиттік, кредиттік шот аша алады, қызметтерді өтей алады және 50%-ға дейін бонустар ала алады. Қазақстанда необанктердің, цифрлық банктердің даму мүмкіндіктері көп. Қазіргі

таңда банк бөлімшелерінің азаю үрдісі байқалуда. 2020 ж. 1781 банк бөлімшелері жұмыс істесе, 2022 жылға қарай олардың саны 1517-ге дейін қысқарды. Мобильді банктер экожүйелерге айналу үрдісі орын алып жатыр. 2014 ж. өзінің маркетплейсін ашқан алғашқы Қазақстандық банк Kaspi bank болды. 2021 ж. Kaspi bank белсенділік деңгейі бойынша Amazon мен «Тинькофф» банктан озып шықты. Сонымен қатар цифрлық карталар танымалдылыққа ие болуда. Еуразия банкінің мәліметі бойынша, Қазақстандағы карталардың жалпы санынан цифрлық карталардың үлесі 20-30%-ды құрайды. Бұндай қарқынды өсім халықтың онлайн төлем жасауының көбеюіне байланысты болып табылады [6].


Необанк пен дәстүрлі банктердің бір-бірінен ерекшелігі көрсетілген (кесте -1).

1-кесте. Необанктер мен дәстүрлі банктерді салыстыру

Көрсеткіш	Необанк	Дәстүрлі банк
Толығымен цифрлы инфрақұрылым	√	х
Тәулік бойы қызмет көрсету	√	х
Комиссия көлемі	Төмен	Жоғары
Бөлімшелер	х	√
Депозиттің пайыз мөлшерлемесі	Жоғары	Төмен
Толық банк лицензиясы	х	√
Ескерту: Автормен құрастырған дерек көзі [2]		

Необанктер толығымен цифрлы тұрғыда қызметін атқарады және дәстүрлі банктерге қарағанда шығыны аз, сондықтан депозитті жоғары пайыз мөлшерлемесінде аша алады (кесте-1). Сондай-ақ необанктер тәулік бойы қызмет көрсете алады. Необанктердің қарқынды дамуына қармастан, дәстүрлі банктердің толыққанды банк лицензиясының болуы, клиент үшін айқын статус, қызметтің шексіз алуандығы секілді артықшылықтары бар.

2021 жылы АҚШ банкі Marqeta Inc өткізген зерттеуіне сәйкес, Z буынының 87% дәстүрлі банктерге жүгінеді. Неғұрлым жасы үлкен халық инновацияларға сенімсіздікпен қарайды. Marqeta Inc Z буыны үшін онлайн-банкингте маңызды аспектілерін анықтады (сурет-1) [7].



1-сурет. Z буыны үшін онлайн-банкингте маңызды аспектілер

Ескерту: Автормен құрастырған құрастырған

Статистика (1-сурет) артықшылықтар тізімін кеңейту пайдалы екенін көрсетеді, физикалық филиалдар мен қосымша бонустармен онлайн функционалдылыққа ие болу неғұрлым жасы үлкен клиенттерді тартуға мүмкіндік береді.

Необанктердің пайдаланушы базасының жылдам өсуіне қарамастан, олардың бизнес

моделінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы алаңдатушылық тудырады. Дәстүрлі банктердің екі негізгі табыс көзі бар: комиссиялық және таза пайыздық кіріс (маржа). Ал необанктер комиссия түрінде табыс алады. Необанктердің дәстүрлі банктермен салыстырғанда анағұрлым икемді андеррайтинг саясатының артықшылығы бір мезгілде олардың кемшілігі болып табылады. Бір жағынан, неғұрлым икемді саясаттың арқасында необанктер пайдаланушылар базасын тезірек жинайды, бірақ, екінші жағынан, бұл несие портфелінің тәуекелін айтарлықтай арттырады. Осыған байланысты, мұндай модель несиелік портфель сапасының айтарлықтай нашарлауына, мерзімі өткен берешектің көбеюіне және несиелер төленбеуіне әкелуі мүмкін. Қазақстандағы необанк қызметіне SWOT-талдау жасалынды (кесте -2).

2-кесте. Қазақстандағы необанк қызметіне SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Уақытша шығынды минимизациялау. Кеңсенің, қызметкерлердің үлкен штатының болмауы нәтижесінде, сондай-ақ кезектің болмауы, клиентке ыңғайлы уақытта қызмет көрсету мүмкіндігі арқылы шығын аз. 2. Клиенттен алынатын комиссиялық төлемдердің төмен деңгейі. Дәстүрлі банктер кемі операциялық шығындарға эквивалентті мөлшерде төлемдерді клиенттерден алуға мәжбүр. 3. Инновациялар. Необанктер қызметтері мен өнімдер жақсарту үшін белсенді түрде жаңа технологияларды қолданады. 4. Қолданудың қарапайымдылығы. Необанктердің қосымшаларының интерфейстері қарапайым және ыңғайлы. 5. Қолжетімділігі. Необанктер өз қызметін клиенттердің кең ауқымына, соның ішінде табысы төмен адамдарға ұсынады. Несиелік рейтинг жоғары болудың қажеті жоқ.	1. Кеңселердің жоқтығы. Барлық клиенттердің интернетке қол жеткізе алмайды. Кейбір адамдар транзакция жасау кезінде банк қызметкерлерінің көмегіне мұқтаж. 2. Қызметтердің шектеулі ауқымы. Необанктердің барлығы несие, ипотека, депозиттер сияқты банктік қызметтеді ұсынбайды. 3. Барлық елдерде необанктердің қызметін реттейтін заңнама жоқ. 4. Бәсекенің жоғары деңгейі. Необанктер дәстүрлі банктер мен басқа финтехнологиялық компаниялар тарапынан қарқынды бәсекелестікке тап болады.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлер
1. Қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту. Необанктер дәстүрлі банктерге қол жеткізе алмайтын адамдарға, мысалы, табысы төмен немесе ауылдық жерлерде тұратын адамдарға қаржылық қызмет көрсете алады. Мобильді қосымшалары тәулік бойы қол жетімді, бұл оларды көптеген адамдар үшін ыңғайлы етеді. Қазақстан халқының 31%-ы банк бөлімшелерінен алыс мекендерде тұрады. 2. Қаржылық қызметтердің құнын төмендету. Необанктердің дәстүрлі банктерге қарағанда төмен шығындары болуы мүмкін, бұл олардың клиенттеріне төмен комиссияларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл табысы аз адамдар үшін қаржылық қызметтерді қолжетімді ете алады. 3. Жекелендіру. Необанктер өз тұтынушылары туралы деректерді оларға жекелендірілген өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін пайдалана алады.	1. Қауіпсіздіктің жоқтығы. Необанктер кибершабуылдарға тап болуы мүмкін. 2. Қаржылық тұрақсыздық. Кейбір необанктер капиталды тартуда қиындықтарға тап болуы мүмкін. 3. Технологияларға тәуелділік. Необанктер технологияларға тәуелді, жүйе ақаулары қызметтерге қол жеткізу проблемаларына әкелуі мүмкін.
Автормен құрастырған	

Необанк дәстүрлі банктерге қарағанда комиссиялық төлемдерді төмен деңгейде алады, жаңа технологияларды қолданады, клиенттерге үздіксіз тәулік бойы қызмет көрсете алады. Бұл жаңа өнімнің қызметтер базасын кеңейту, оның құнын төмендету секілді мүмкіндіктері бар. Алайда кибершабуылдарға тап болу, кейбір елдерде необанк қызметін реттейтін заңнаманың болмауы және технологияларға тәуелділік секілді кемшіліктері де бар.

Ұзақ мерзімді перспективада необанктердің кірістерінің «алымдар үлгісі» жұмыс істемеуі мүмкін. Біріншіден, реттеуші органдардың қысымымен банкаралық комиссияның мөлшері азайып келеді және одан әрі төмендей береді – осыған ұқсас процестер АҚШ, ЕО, Канада және басқа да аймақтарда орын алуда. Екіншіден, жеке банктік лицензиясы жоқ необанктер көп жағдайда мәміленің 1,8-2,0 пайызынан аспайтын банкаралық комиссияны лицензиясын пайдаланатын банкпен бөлісуге мәжбүр. Үшіншіден, абсолютті мәнде тек комиссиялық кіріс бизнесті өркендету және шығынсыздыққа жету үшін жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, Бразилияның Nubank 1 миллион ашық шотқа жеткеніне қарамастан, 2016 жылы 36 миллион АҚШ доллары көлемінде шығын көрсетті).

Қорытындылай келе, необанктердің артықшылықтары – жылдамдылық, клиенттен алынатын комиссиялық төлемдердің төмен деңгейі, инновация, қолданудың қарапайымдылығы және қолжетімділігі болып табылады. Сонымен қатар жалақы, кеңсені жалдау секілді шығындары болмағандықтан, жеке және заңды тұлғаларға депозитті жоғары пайыз мөлшерлемесімен ашу, ал несиені төменгі пайыз мөлшерлемесімен беру мүмкіндігіне ие. Келешекте необанктер дәстүрлі банктерге қол жеткізе алмайтын адамдарға, мысалы, табысы төмен немесе ауылдық жерлерде тұратын адамдарға қаржылық қызмет көрсете алады. Необанктер өз тұтынушылары туралы деректерді оларға жекелендірілген өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін пайдалана алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сенная И.К. НЕОБАНК – БАНК БУДУЩЕГО // Научное сообщество студентов: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ: сб. ст. По мат.
2. Корсунова Н.Н. Необанк как банк будущего в обслуживании корпоративных клиентов в условиях перехода к цифровой экономике // Текст научной статьи по специальности «Экономика и бизнес» / Вестник академии знаний. 2020
3. Комаров А.В., Мартюкова В.М. Небанкинг как направление развития современных финансовых технологий // Вестник университета. 2020. DOI: 10.26425/1816-4277-20-3-134-142
4. Калиева Г.Т., Нурымбетова Б.И. Цифровизация банковского дела в Республике Казахстан // Сборник международной онлайн-конференции на тему «Государственная независимость Республики Казахстан: истоки, современное состояние, вызовы», посвященной 30-летию государственной независимости Республики Казахстан. Алматы, 2021. ISBN 978-601-7646-18-9
5. Altyn-I ресми парақшасы [электрондық ресурс] <https://altynbank.kz/personal/altyn-i>
6. Небанкинг и цифровые карты: как развивается FinTech в Казахстане [электрондық ресурс] <https://trends.rbc.ru/trends/amp/news/640ed0e89a79477c2e6071ef>

UDC 336.1

LEVERAGING DIGITAL TOOLS IN THE BATTLE AGAINST FINANCIAL FRAUD IN KAZAKHSTAN

Madeshov Aybol M.

amadeshov01@gmail.ru

Master's student, Eurasian National University named after L.N. Gumilev

Astana, Republic of Kazakhstan

Scientific supervisor: Zholamanova M.T.

Kazakhstan has experienced a notable increase in the number of financial transactions carried